**ЖШС «МДҰ Кен и Барби» бойынша**
**кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының**

**№ 1 Хаттамасы**

(көшірме)
«01»наурыз 2024ж.

Төрайым: Төлемісова Б.С
Хатшы: Рейх -Мушатова А.Э
Қатысқандар: 9
Қатыспағандар: 0

**Күн тәртібі:**
1.Мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалауға дайындау және өзін-өзі бағалау комиссиясының отырысы

**Тыңдалды:**
1.Төлемісова Б.С, мектепке дейінгі ұйымының меңгерушісі ҚР ОАМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментінің бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдарды аттестаттаудан өту кестесімен таныстырды.

Мемлекеттік аттестаттау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес алдындағы білім беру ұйымдарына бағалау оқу нәтижелеріне бағалау қолдану арқылы мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейін бір ай бұрын өткізіледі, сонымен қатар бағаланатын кезең бұрын өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылы болып табылады (нақты жылдарды ашып көрсетіп жазу керек).

Сонымен қатар, МДҰ меңгерушісі оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттары келесі нақты өлшеуіштерге сәйкес жүзеге асырылатынын түсіндірді:

1) оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу талаптарына сәйкестігі;

2) білім беру қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес іске асыру;

3) мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау;

4) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

5) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің болуы және нәтижелері бойынша баланың жеке даму картасының талдауы;

6) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау.

7) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

8) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

9) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына "үлгілі" - 5, "жақсы" - 4, "жақсартуды қажет етеді" - 3, "төмен" - 2 деңгейлерінің біріне сәйкес келетін өлшеуіштер және балл қолданылады.

2.Бисенова Г.С., мектепке дейінгі ұйымының әдіскері ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін (бар болса) олардың психофизикалық даму ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, Жеке оқу жоспары мен арнайы оқу бағдарламасын іске асыруға, сондай-ақ баланың жеке даму картасын толтыруға ерекше назар аударуды сұрады.

**Шешім:** 1. Мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалау жоспары жасақталсын.
2. Төмендегі құрамда комиссия бекітілсін:

Комиссия төрайымы: – Төлемісова Б.С МДҰ меңгерушісі;
Комиссия мүшелері:
Бисенова Г.С - әдіскер;
Абдрахманова Р – ата-ана;
Әжібаева Г.А - тәрбиеші;
Каримова А.Б- медбике ;

Төрайым: Төлемісова Б.С

Хатшы: Рейх -Мушатова А.Э

Орындау мерзімі: 2024 жылдың 01-31 наурыз аралығы

Үшінші мәселе бойынша меңгеруші Б.С.Төлемісова жоғарыда аталған бағалау бойынша жауапкершілікті комиссия мүшелеріне бөлді:

**Өзін-өзі бағалау комиссиясының тізімі**

| № | Т.А.Ә.а. | Атқаратын лауазымы |
|---|---|---|
| 1 | Төлемісова Ботагөз Серікбайқызы | МДҰ меңгерушісі |
| 2 | Бисенова Гульнар Серікқызы | МДҰ әдіскері |
| 3 | Әжібаева Гүлсұлу А | МДҰ тәрбиешісі |
| 4 | Рейх-Мушатова А.Э | МДҰ тәрбиешісі |
| 5 | Абдрахманова Р | МДҰ ата-анасы |
| 6 | Каримова А.Б | МДҰ медбикесі |

**МДҰ өзін-өзі бағалауды өткізу жоспары**

| № | Мазмұны | Жауапты | Бағалауды тыңдау орны |
|---|---|---|---|
| 1 | Өзін-өзі бағалауды өткізу жоспарын дайындау және бекіту | Меңгеруші, әдіскер | Кезектен тыс педагогикалық кеңес |
| 2 | Ұсынылатын мектепке дейінгі ұйымының қызметтерінің сапа көрсеткішін анықтау | Меңгеруші, әдіскер | Кезектен тыс педагогикалық кеңес |
| 3 | Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартының талаптарына жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметтің орындалуы және сәйкестігі | Меңгеруші, әдіскер | Кезектен тыс педагогикалық кеңес |
| 4 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру | Әдіскер | Кезектен тыс педагогикалық кеңес |
| 5 | Педагог кадрлардың біліктілігіне қойылатын талаптарды сақтауын қадағалау | Әдіскер | Кезектен тыс педагогикалық кеңес |
| 6 | Тәрбиеленушілердің дамуының мониторингі (бастапқы, қорытынды) нәтижелерін талдаудың болуы және сәйкестігі, баланың даму картасын толтыру | Әдіскер, тәрбиешілер,медбике | Кезектен тыс педагогикалық кеңес |
| 7 | Тәрбиеленушілердің МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары | Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер | Кезектен тыс педагогикалық кеңес |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуын қадағалау | | |
| 8 | Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылданғанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруға. | Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, | Кезектен тыс педагогикалық кеңес |
| 9 | Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база | Комиссия мүшелері,медбике | Кезектен тыс педагогикалық кеңес |
| 10 | Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру | Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер,ата-аналар комитетінің төрайымы | Кезектен тыс педагогикалық кеңес |
| 11 | Өзін-өзі бағалаудың нәтижелерін қорытындылау | Комиссия мүшелері | Кезектен тыс педагогикалық кеңес |

**Шешім:**

1.Комиссия мүшелері бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізсін.

2.Өзін-өзі бағалау қорытындысы педагогикалық кеңес отырысында қаралып,білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізілсін.

3.Балабақша меңгерушісі өзін-өзі бағалау қорытындысының нәтижелері бойынша қамқоршылық кеңес мүшелерінің алдында есеп берсін.

4.Мерзімі: 31.03.2024

**ЖШС «МДҰ Кен и Барби» меңгерушісі** Б.С.Төлемісова

**Хатшы:** Рейх-Мушатова А.Э